

**«МДШО бар М.Сенгірбаев атындағы орта мектеп» мемлекеттік
коммуналдық мекемесі**

**Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында «Тұлға қалыптастыруда ұлттық
құндылықтар негізінде білім мен тәрбие беру» тақырыбында өткізілген
аудандық семинардың өтілуі туралы**

«МДШО бар М.Сенгірбаев атындағы орта мектеп» мемлекеттік коммуналдық мекемесінде 2024 жылы желтоқсан айының 11-ші күні «Тұлға қалыптастыруда ұлттық құндылықтар негізінде білім мен тәрбие беру» тақырыбында «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында аудандық семинар өткізілді. Семинарға аудан мектептерінен мұғалімдер және аудандық білім бөлімінен әдіскерлер келіп қатысты. Семинардың бағдарламасы барлық қатысушыларға таратылып, таныстырылды. Семинардың ашылуын мектеп директоры А.Ж.Салимбаева өзінің алғы сөзімен бастады. Оқушыларымыз Мұсабек Сенгірбаев атамыздың туған жылынан бастап, өмір тарихын, жасаған ерліктері туралы қазақ тілі, орыс тілі және ағылшын тілінде таныстырылым жасады. Бастауыш сынып оқушылары Мұсабек Сенгірбаев туралы арнауларын айтып, өлең шумақтарын айтып өтті. Семинардың бағдарламасына сәйкес ашық сынып сағаттары өткізілді. «Тәуелсіздік – тұғырым» тақырыбында 2ә сынып жетекшісі Мейрамбек Саулет Мейрамбекқызы ашық сынып сағатын өткізді. 5а сынып жетекшісі Досымбаева Гулзира Мейрамбекқызы «Ұлттық құндылықтар – тәрбиенің түп қазығы» тақырыбында ашық тәрбие сағатын өткізді. 6а сынып жетекшісі Сейітбекова Толғанай «Идеялар жәрмеңкесі» тақырыбында шебер сынып көрсетіп, әдіс – тәсілдермен бөлісті. Сынып сағатының соңында қауіпсіздік сабағы ретінде информатика пәні мұғалімі Арыстанбаева С және биология пәні мұғалімі Какешова А.Т өздерінің зертханалық іс – тәжірибелерімен бөлісіп, дүкендерде сатылып жатқан чипсы түрлерінің және сағыздың, ұялы телефондағы тик – ток, инстаграмм, фейсбук сияқты әлеуметтік желілердің миға қалай әсер ететіндігі туралы зерттеп көрсетіп өтті. Семинарға келген қонақтар өз ойларымен бөлісіп, пікір алмасты. Семинардың тақырыбына байланысты ұлттық құндылықтарды дәріптеу мақсатында ұлттық құндылықтар бұрышы жасалды. 7б сынып жетекшісі Шотанова Айнұр Жанарбекқызы сынып оқушыларымен бірге қазақ қызының ұлттық әшекейлерін, бұйымдарын таныстырып өтті. 7а сынып жетекшісі Какешова Арай Тельжанқызы қазақтың ұлттық аспаптарымен таныстырып көрсетті. 8а, 8ә, 8б сынып оқушылары қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімдері Өскенбаева Лаззат, Турсунова Маржан ұлттық тағамдарды таныстырды. Дене шынықтыру пәні мұғалімі Байсалбаев Қ.Б және 11а сынып оқушылар

Керімкүл Ерсін және Нарша Дінмұхамед қазақтың ұлттық ойыны тоғызқұмалақ ойынын ойнап көрсетіп, ойнау ережесін түсіндірді. Келген қонақтарға оқушыларымыздың өнерлерін көрсету үшін, тәрбие орынбасары М.Шайбаеваның ұйымдастыруымен концерттік бағдарлама ұйымдастырылды. Мектеп психологы Қорабаева Г келген қонақтармен психологиялық сергіту сәтін өткізді. Мектептің педагог – ұйымдастырушысы С.Кошимованың ұйымдастыруымен «Заманауи білім беру жүйесіндегі ұлттық құндылық пен патриотизм» тақырыбында 8 және 9 сынып оқушылары арасында дебат өткізді. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мектебімізде театр қойылымы қолға алынуда. 10а сынып оқушысы Ысқақ Айзеренің орындауында Бердібек Соқпақпаевтың 100 жылдық мерейтойына орай «Менің атым – Қожа» қойылымы көрсетілді. 10 сынып оқушыларының қатысуымен «Ана жүрегі» қойылымы көрсетіліп, келген қонақтардың жүректерін елжіретті. Музыка пәні мұғалімі Болысбекова Бахытгуль Ансабекқызының ұйымдастыруымен «Еркіндігімнің айғағы» атты хор орындалып, домбырашылар ансамблі орындауында «Ертұран» күйі орындалып, семинар өз мәресіне жетті. Семинар соңында келген қонақтар өз ойларымен бөлісіп, жылы тілек – лебіздерін білдірді. Аудандық білім бөлімінің әдіскері К.К.Абуова семинарды қорытындылап, сөз соңында семинардың жоғары деңгейде өткенін айтып өтті.

